

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҮ • АОО «НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛҢЫҢ ШКОЛЫ» • АЕО «НАЗАРБАЕВ INTELLECTUAL SCHOOLS»
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚИТАПХАНАСЫ
БИБЛИОТЕКА ЦЕНТРА ПЕДАГОГИЧЕСКОГО МАСТЕРСТВА
LIBRARY OF THE CENTER OF EXCELLENCE

Казыгулова Г.Я., Сатаев М.А.
Даулетбаева С.К., Сайрамбекова Д.Р.
Казыгулова М.Я.

ИКЕМДІ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУЫ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ



Астана
2023

Мұғалімге көмек
В помощь учителю
In support of a teacher



ӘОЖ 37.01
КБЖ 74.200.54
К37

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының
Ғылыми-әдістемелік кеңесі баспаға ұсынды (26.10.2023 ж. № 12 хаттама)
Рекомендовано к изданию Научно-методическим советом Центра педагогического мастерства
АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» (протокол № 12 от 26.10.2023 г.)

Пікір жазғандар:
Туженова Н.И., – п.ғ.к., Талдықорған қаласындағы Жетісу университетінің аға оқытушысы
Темірғалиева У.Б. Педагогикалық шеберлік орталығының Талдықорған қаласындағы филиалының тренері

К37 Казыгулова Г.Я.
Икемді дағдыларды дамыту және бағалау: әдістемелік нұсқаулық/Казыгулова Г.Я., Сагаев М.А.,
Даулетбаева С.К., Сайрамбекова Д.Р., Казыгулова М.Я. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Педагогикалық шеберлік орталығы, 2023. – 72 бет.

ISBN 978-601-08-3671-6

Әдістемелік нұсқаулықта оқыту және оқу үдерісіндегі soft skills\ікемді дағдыларды дамытудың артықшылықтары, маңыздылығы айқындалып, осы дағдыларды дамыту, бағалау әдістерінің теориялық және тәжірибелік бағыттары ұсынылған.

Әдістемелік нұсқаулықтың мақсаты білім алушылардың жылдам өзгеріп жатқан әлемде болашаққа әкелетін контексте бейімделуге мүмкіндік беретін, тәжірибе барысында қалыптасатын құзыреттер мен қабілеттерді, өмір бойы оқу дағдысын дамытудың тиімді стратегияларын ұсыну. Әдістемелік нұсқаулықтың құнды тұсы – 21-ғасыр талаптарының ікемді дағдыларын балабақшада, мектепте және колледжде дамыту жолдарының тәжірибелері қамтылған.

Нұсқаулық мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының, жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне, сондай-ақ педагогтердің біліктілігін арттыру орталықтарының қызметкерлеріне және мұғалімдерге оқытуды ұйымдастыруда және оқу тапсырмаларын жоспарлауда әдістемелік қолдау көрсететін білім беру бөлімдерінің әдіскерлеріне арналған.

ӘОЖ 37.01
КБЖ 74.200.54

ISBN 978-601-08-3671-6

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Педагогикалық шеберлік орталығы, 2023
© АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»
Центр педагогического мастерства, 2023

- Алдымен, ұсынылған тапсырмалардың ішіндегі басымдықты анықтау, яғни тапсырмалардың шұғыл, күрделі және маңыздылығына қарай іріктеу.
 - **Нақты мақсаттар қойып**, яғни қандай тапсырмаға қанша уақыт кететінін, жоспарлау мерзімін белгілеу.
 - Тапсырмаларды жасауға кірісу, яғни олардың нәтижесін бақылау.
- Сол сияқты, өз тәжірибемізде қолданылып жүрген, уақытты басқарудың Эйзенхауер матрицасын оқушыларға үйрету, оқу үдерісінде өнімділікті жақсартуға және стрессті азайтуға әкелуі мүмкін.

3.3 Колледж тәжірибесіндегі жұмсақ дағдылар

Жоғарғы оқу орындары және колледж түлектерін заманауи талаптарға сай және еңбек нарығында бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеу және оқыту үшін, оқытудың интегративті және инновациялық әдістерін қолдана отырып, оқу барысында қатты және икемді дағдыларды дамыту үдерісін мақсатты түрде біріктіру қажет.

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, икемді дағдыларды дамыту арқылы жақсы жетістіктерге қол жеткізуге болады. Икемді дағдылар – бұл басқа адамдармен үйлесімді және тиімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін адамның жеке қасиеттері. Табысты болып өсу үшін кәсіби білім мен дағдылар ғана емес, сонымен қатар адамның қосымша психологиялық аспектілері де маңызды. Адамдардың осы аспектілері жақсы дамыған болса, кәсіби салада да, жеке салада да табысты болады. Яғни өскелең ұрпаққа берілген білім – оның болашақта кез-келген салада табысты да икемді болуына дағдыландыратын өмірлік білім болуы керек. Өмірдегі сәттілік осыған тікелей байланысты.

Белгілі бір дәрежеде қазіргі заманғы педагог білім алушыға белгілі бір білім алуға көмектесіп қана қоймай, сонымен бірге оқушының алған білімінің қалай жүзеге асырылатынын білуге деген ұмтылысын дамытатын коуч болады. Оқытушылар студенттердің икемді дағдыларын саналы түрде дамытуды маңызды міндет ретінде қабылдап, студенттердің өз дағдыларын бағалауға ынталандыру қажет. Студенттерді табысты маман болуға үйрету үшін сан алуан тәсілдерді қолдану қажет.

Сондықтан да, колледжде оқыту және оқу үдерісін ұйымдастыруда, белсенді оқыту икемді дағдыларды дамытуда кеңінен қолданылады, бұл оқушылардың сабақта өзіндік тәжірибесін жасау үшін белсенділік пен ынтымақтастықты талап етеді. Сонымен қатар студенттердің мәселені түсіну, талқылау және алған білімдеріне сүйене отырып, нақты проблемаларды шешуге бағытталған құрылымдық топтық әрекеттері, олардың икемді дағдыларын дамытуға тікелей ықпал етеді.

Теориялық тұжырымдама атап өткендей, топтық пікірталас студенттерге тек коммуникативті дағдыларды ғана емес, сонымен қатар вербалды емес қарым-

қатынасты, сенімділік пен агрессивтілік арасындағы айырмашылықты анықтауға көмектеседі.

Колледж тәжірибесінде студенттердің икемді дағдыларын дамыту мақсатында қолданылып жүрген, тапсырмалар, әдістер және стратегиялар өзіндік тиімділігін көрсетуде.

Соның бірі – жоғарыда аталған проблемаларды шешу, шешім қабылдау және ақпараттарды басқару дағдыларын дамытуда колледж студенттеріне ұсынылатын **БФЕ** (Барлық факторларды ескеру) әдісі. Бұл әдіс студенттердің қорытынды шешім қабылдау барысында проблемаға сәйкес барлық факторларды ескеріп, терең талдау жасауларына мүмкіндік береді.

5- кесте. Барлық факторларды ескеру әдісінің үлгісі

Пікір/ Сұрақ/Талқыланатын мәселе:	
1-фактор	Артықшылықтар /нә Кемшіліктер /қарсы Қызықты факторлар
2-фактор	Артықшылықтар /нә Кемшіліктер /қарсы Қызықты факторлар
3-фактор	Артықшылықтар /нә Кемшіліктер /қарсы Қызықты факторлар
Барлық факторларды талқылағаннан кейін ... деп ойлаймын.	

Студенттердің тарих сабағында тарихи деректермен жұмыс істеп, ақпараттарды өңдеу және рефлексия жасау дағдыларын дамытуға бағытталған И.О. Загашевтің «**Жинақтау кестесі**» стратегиясын қолдану білім алушылардың икемді дағдыларын жақсартуға жақсы көмектеседі. Кестенің бірінші және екінші бағанасына ұсынылған тарихи деректерден идеяларды анықтап, жазады. Ал, үшінші бағанада осы деректерге сүйене отырып студенттер өздерінің ой толғауларын жазып, қорытынды ой түйіндейді.

6- кесте. Ақпаратты жинақтау дағдысын дамыту әдісі

Тарихи деректердің негізгі идеясы	Басты назар аудару қажет деректер	Деректерді талдай отырып, одан қандай қорытынды ой түйіндеу

Икемді дағдылар – бұл әлеуметтік, психологиялық және коммуникативті дағдыларды қамтитын тұлғааралық және адами қарым-қатынас дағдылары.